

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ – ДӘУІР ТАЛАБЫ

3-БЕТ | ЕЛОРДА ТЫНЫСЫ



ҒАЛЫМДАР НЕГЕ ҮНСІЗ?

5-БЕТ | РУХАНИЯТ



САЛТ-ДӘСТҮР – САФ МҰРА

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

> Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:
>
> Экономиканың нақты саласында жұмыс істеуге ұмтылғаны жөн. Осыған мемлекет қажетті жағдай жасауы керек. Жұмысшы мамандықтарына деген құрметті арттыра түсуіміз керек. Оларға лайықты жалақы төлеу қажет. Бұл – мемлекетіміздің алдында тұрған негізгі міндеттің бірі.

№111
(4855)
Сенбі
20 қыркүйек
2025 жыл

ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ




ЖАҢА САЯБАҚ – БІРЛІК СИМВОЛЫ

Астанада тағы бір көрікті саябақ ашылды. Қазақстандағы әртүрлі конфессиялар мен ұлттар арасындағы достық пен бірлікті айшықтайтын бұл табиғи-рекреациялық аймақтың ашылу рәсіміне елордада өткен Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VIII съезі делегаттарының қатысты. Саябақтың орталық элементі «Өмір ағашы» монументі бейбітшіліктің, келісімнің және рухани бірлікті бейнелейді.

БҮГІН – ЖАЛПЫҚАЛАЛЫҚ СЕНБІЛІК

«Таза Қазақстан. Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» атты ауқымды экологиялық акция аясында және Дүниежүзілік тазалық күніне орай бүгін, 20 қыркүйекте елордада жалпықалалық сенбілік өтеді.



Ауқымды тазалық жұмысы аясында Астананың алты ауданында ағаш отырғызылады. Қала әкімдігі кәсіпорындарды, МИБ (ПИК), шағын және орта бизнес субъектілерін, еріктілер мен белсенді тұрғындарды экоакцияға қатысып, тазалыққа үлес қосуға шақырады.

Қала тұрғындары мен ұйымдары көшелер мен аулаларды абаттандыру ісіне үлес қоса алады. Экоакция сағат 10:00-де басталады.

ЖЫЛУ ҚАШАН БЕРІЛЕДІ?

Астана қаласы әкімдігі қалаға жылу қашан берілетінін мәлімдеді, деп хабарлады Elordainfo.kz.

«Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына, Астана қаласы мәслихатының 2014 жылғы 27 маусымдағы №249/36-V шешімімен бекітілген қаладағы жылыту маусымын дайындау және өткізу қағидаларына сәйкес, елордада жылыту маусымы сырттағы тәуліктік орташа ауа температурасы +10 °С және одан төмен деңгейде қатарынан бес тәулік сақталған жағдайда басталады» деп жазылған хабарламада.

* * *

Қазақстанда атаулы әлеуметтік көмекке құқығы бар адамдарды өз бетінше анықтайтын жасанды интеллект іске қосылады.

«Бүгінгі таңда біз жасанды интеллектті Random Forest Classifier моделінің көмегімен «оқытып» жатырмыз. Осылайша, енді АӘК алуға құқығы бар адамдар автоматты түрде анықталады. Қазіргі уақытта модель кешенді валидациядан өтті, дәлдік деңгейі 90 пайыздан асты, бұл оның дайын екенін көрсетеді» деп мәлім етті Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Олжас Анафин.

Алдағы уақытта бұл технология атаулы әлеуметтік көмек алуға берілген жаңа өтінімдерді қарау үшін пилоттық режимде іске қосылады. Пилоттық кезең барысында ЖИ моделінің шешімдеріне қатысты статистика жиналады.

ШАТТЛ-АВТОБУСТАР ЖҮРЕДІ

Астанада 21 қыркүйек күні әйгілі Backstreet Boys тобының концерті өтеді. Бұл концертке қазақстандықтардан басқа 45 елден 12 мыңнан астам турист келеді деп күтілуде.

Көрермендердің ыңғайлылығы үшін концерт өтетін «Астана Арена» стадионына дейін арнайы шаттл-автобустар ұйымдастырылады.

Көрермендерді жеткізу сағат 16:00-ден бастап мына бес аялдамадан басталады: «Астаналық цирк» автотұрағы; «Әзірет Сұлтан» мешітінің автотұрағы; «Қазақстан» спорт кешені (Қ.Сәтбаев көшесі) алдындағы автотұрақ; Орталық саябақ автотұрағы; «Бас мешіт» алдындағы автотұрақ.

№111 (4855) 20/09/2025 Сенбі



СПОРТШЫЛАРДЫҢ ДАҢҚЫ – БАРША ХАЛЫҚТЫҢ ДАҢҚЫ

Мемлекет басшысы бокстан Әлем чемпионатының жеңімпаздары мен жүлдегерлерін марапаттау рәсіміне қатысты. Президент Қазақстан ұлттық құрамасының мүшелерін Әлем чемпионатындағы тамаша жеңісімен құттықтап, бұл еліміз үшін тарихи оқиға, халқымыз үшін үлкен қуаныш екенін атап өтті.

«Қазақстан 68 мемлекеттің арасынан үздік шығып, бірінші орынға ие болды. Әлемдік бәсекеде Әнұранымыз жеті рет шырқалды, Көк туымыз жеті рет желбіреді. Барша жұртымыз сіздерге тілеулес болды. Әрине, кілең мықтылар жиналған жаһандық аламанда топ жару оңай емес. Бұл жетістік жылдар бойғы табанды еңбекпен, маңдай термен келгені анық. Біздің ұл-қыздарымыз бокстың отанына барып, өздерінің нағыз мықты спортшы екенін дәлелдеді. Санжар Тәшкенбай және Махмұд Сабырхан әлемнің екі дүркін чемпионы атанды. Төрехан Сабырхан мен Айбек Оралбайдың ерекше өнеріне жаһан жұрты тәнті болды. Боксшы қыздарымыз әлемдік жарыста шеберліктің озық үлгісін көрсетті. Алуа Балқыбекова, Аида Әбікеева және Наталья Богданова алтын медаль алып, жеңіс тұғырына көтерілді. Назым Қызайбай шаршы алаңға бірінші болып шығып, елімізге ақжолтай жүлде әкелді. Виктория Графеева және Елдана Тәліпова қола медаль жеңіп алды. Мен баршаңызға шынайы ризашылығымды білдіремін. Қайрат Сәтжанов, Елдос Сайдалин бастаған бапкерлерге және басқа да мамандарға зор алғыс айтамын» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.



Мемлекет басшысы Туризм және спорт министрлігі мен Ұлттық Олимпиада комитеті көп жұмыс атқарғанына тоқталып, Қазақстан Бокс федерациясының еңбегін ерекше атап өтті. «Біз үшін жекпе-жек спортының орны қашанда бөлек. Соның ішінде әйгілі Шоқыр Бөлтекұлы негізін қалаған қазақ боксының өз тарихы бар. Өткен ғасырдың ортасынан бері көптеген спортшымыз әлемді мойындатты. Тәуелсіздік кезеңінде аға буынның даңқты жолы үзілген жоқ. Жазғы олимпиада ойындарынан ел қоржынына түскен 15 алтынның жетеуі – боксшыларға тиесілі. Бұл сабақтастық болашақта лайықты жалғасын табады деп сенеміз. Оған барлық мүмкіндік бар» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздегі жастардың спортпен шұғылдануына жағдай жасалғанын, инфрақұрылымды жақсартуға баса мән беріліп жатқанын айтты. «Балаларға арналған жаттығу залдары, үйірмелер ашылуда. Ауылдық жерлерде заманға сай спорт кешендері бой көтеруде. Менің тапсырмаммен биыл Ұлттық спорт университеті ашылады. Боксты дамытуға арналған нақты шаралар қолға алынып жатыр. Жалпы, біздің еліміздің бокстағы әлеуеті орасан зор. Мұны әлемдік спорт қауымдастығы да мойындайды. Спортшыларымыз – өте дарынды, әлем чемпиондары аз емес. Сондықтан мемлекет боксқа басымдық беріп, оны ұдайы назарда ұстайды. Осы бағыттағы жұмыс жүйелі түрде жүргізілуге тиіс. Біз боксты ұлттық спорт деңгейіне көтеруіміз керек. Бұл – өте маңызды міндет» деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, World Boxing аясында алғаш рет өткен Әлем чемпионатындағы нәтиже – Ұлттық құраманың бірлескен жұмысының жемісі. Боксшылар, бапкерлер, менеджерлер, спорт дәрігерлері мен басшылар бірігіп, бүгінгі жетістікке жетті. «Сондықтан жеңіс тұғырынан көрінген спортшылармен қатар, бұл айтулы жеңіске үлес қосқан әрбір азаматты құрметтеуіміз керек. Бокстағы жоғары бәсекелестікті, сондай-ақ оны дамытудың заманауи үдерістері пайда болғанын ескере отырып, Ұлттық құраманы даярлауға кәсіби мамандарды тартып, озық инновациялық шешімдерді белсенді енгізу қажет» деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев даңқты спортшы Геннадий Головкинге боксты Олимпиада ойындарының бағдарламасына қайтаруға атсалысқаны үшін ризашылығын білдірді. «Әлемдік сайыста ел намысын қорғау – зор мәртебе әрі үлкен жауапкершілік. Сіздердің жеңістеріңіз жастардың спортқа деген құлшынысын арттырады. Спортшыларымыз ұлт саулығын жақсартуға үлес қосып жатыр деп айтуға болады. Чемпион болу – ел мерейін асыру деген сөз. Спортшылардың даңқы – барша халықтың даңқы. Олардың мәртебесі – бүкіл мемлекеттің мәртебесі. Сондықтан біз спортшыларымыздың әр жетістігін мақтан тұтуымыз керек. Бір ел болып, чемпиондарымызды ұлықтап, олардың еңбегін жоғары бағалап, қоғамда жан-жақты дәріптеуіміз қажет. Мұның бәрі спортты насихаттап, саламатты қоғам құру үшін өте маңызды. Мемлекет сіздерді әрдайым қолдайды» деді Президент.

Мемлекет басшысы әлемге әйгілі спортшы болу үлкен жауапкершілік жүктейтініне, жастардың чемпиондарға қарап бой түзейтініне назар аударды. Сондықтан сөзбен, іспен, күнделікті мінез-құлық, жүріс-тұрыспен, әдеп-дағдымен көпке үлгі болу өте маңызды деп атады. «Жастарды отаншыл, еңбекқор, білімпаз, тәртіпті, жинақы, ұйымшыл, жанашыр болуға баулу керек. Мен сіздерді чемпион деген атқа лайық еліміздің мықты спортшылары деп есептеймін. Жалпы, үлкен спортта биікке көтерілу оңай емес екені белгілі. Ал сол биікте қалу – одан да қиын жұмыс. Сондықтан жеткен жетістікке масайрап, босаңсуға болмайды. Алдымызда тұрған үлкен белес – Лос-Анджелестегі жаһандық дода. Олимпиаданың жеңіс тұғырына шығу – әр спортшының арманы. Бүкіл Қазақстан халқы сіздерге сенеді, үміт артады. Ел сенімін ақтау үшін қазірден бастап дайындыққа кірісу керек. Мен Ұлттық құраманың осы жеңісін Олимп шыңына бастайтын маңызды қадам деп санаймын» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Салтанатты басқосуда Әлем чемпиондары Айбек Оралбай мен Наталья Богданова сөз сөйледі. Мемлекет басшысы Ливерпуль қаласында өткен ерлер мен әйелдер арасындағы бокстан әлем чемпионатындағы (World Boxing) спорттық жоғары жетістіктері үшін бір топ спортшы мен бапкерді марапаттады.

МИНИСТРГЕ МІНДЕТТЕР ЖҮКТЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Туризм және спорт министрі Ербол Мырзабосыновты қабылдады. Президентке спорт саласын кешенді реформалауға қатысты бұған дейін берген тапсырмаларының орындалу барысы баяндалды.


Президентке балалар мен жасөспірімдер спортын қолдау, халықаралық ынтымақтастықты арттыру, спортқа ғылыми тәсілдерді енгізу, бюджет қаражатын оңтайландыру және заңнамалық базаны жетілдіру жөнінде есеп берілді.

Ербол Мырзабосыновтың айтуынша, спорт саласында вертикальді басқару жүйесін қалыптастыру жұмысы қарқынды жүргізіліп жатыр. Саланың жағдайына кешенді талдау жүргізілгеннен кейін бірқатар облыста спорт басқармаларының басшылары тағайындалды, жұмыс тиімділігінің нақты көрсеткіштері белгіленіп, спортшылар мен жаттықтырушыларға берілетін төлемдер мөлшері бірыңғай көрсеткішке келтірілді. Сонымен қатар спорттың басым түрлеріне қойылатын іріктеу талаптары анықталды.

Биыл күшіне енген «Дене шынықтыру және спорт туралы» заңның жаңа редакциясы белсенді жүзеге асырылып жатыр. Аталған заң бюджет қаражатын тиімді пайдалануға, спортты дамыту үшін оның басым түрлерін айқындауға, кәсіпқой клубтарға төленетін төлемдерге лимит енгізуге бағытталған.

Мемлекет басшысына шетелдік туристерді тарту және заңнамалық базаны жетілдіру шаралары туралы айтылды. Президент тапсырмасы бойынша Щучье-Бурабай курорттық аймағы мен Маңғыстауды дамытудың кешенді жоспары әзірленді. Алматы тау кластерін дамыту жоспары дайындалып жатыр. Сондай-ақ курортты өңірлерді өркендетуге арналған ведомствоаралық жол картасы әзірленді. Онда туристердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, санитарлық жағдайдың стандарттарын көтеруге және көлік қолжетімділігін арттыруға ерекше көңіл бөлінген.

Мемлекет басшысы министрге бірқатар міндет жүктеді. Атап айтқанда, вертикальді басқару жүйесін енгізуді жалғастыру, футбол клубтарын жекешелендіруді жеделдету қажет. Бұдан бөлек, туризм саласындағы заңнаманы одан әрі жетілдіру маңызды міндет ретінде аталды.



НЬЮ-ЙОРККЕ ЖҰМЫС САПАРЫМЕН БАРАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 21-23 қыркүйек күндері Нью-Йорк қаласына жұмыс сапарымен барады.

Бұл туралы Ақорданың телеграм-арнасы хабарлады. Президент БҰҰ Бас Ассамблеясының 80-сессиясына қатысып, бірқатар мемлекеттің және халықаралық ұйымдардың басшыларымен келіссөз жүргізеді. Сапар аясында АҚШ-тың ірі бизнес өкілдерімен дөңгелек үстел ұйымдастырылады. Сондай-ақ әлемдік жетекші компаниялардың басшыларымен кездесу жоспарланып отыр.

ЖЫЛ СОҢЫНДА САЛЫНЫП БІТЕДІ

Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Скляр Астанада салынып жатқан Ұлттық спорт университетінің құрылыс барысымен танысты. Нысанның құрылысы биыл жыл соңына дейін аяқталады деп жоспарланған.

Нысан спорт саласындағы ең ірі инфрақұрылымдық жобалардың бірі саналады және көпфункционалды кешен болмақ. Делегация құрамында туризм және спорт министрі Ербол Мырзабосынов, сондай-ақ құрылыс компаниясының өкілдері болды.

Оқу орнының құрылысы Мемлекет басшысының спорт инфрақұрылымын дамыту жөніндегі тапсырмаларын орындау аясында жүргізіліп жатыр. Бүгінгі таңда құрылыс-монтаж жұмыстары толық аяқталып, нысанның бір бөлігі пайдалануға берілді. Бірінші кезең аясында колледждің оқу ғимараты, 500 орындық жатақхана, трибунаның астындағы бөлмелер, жабық жеңіл атлетикалық манеж, бассейн және көпфункционалды кешен қарастырылған.

Екінші кезең аясында ғылыми-зерттеу орталығы бар университет ғимаратын, 1 мың орындық жатақхананы, медициналық-сауықтыру орталығын, оқытушыларға арналған тұрғын үй корпусын және стадионды пайдалануға беру жоспарланған. Құрылыс жұмыстарын биыл жыл соңына дейін аяқтау көзделіп отыр. Тексеру қорытындысы бойынша вице-премьер спорт нысанына инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым мен жеткізу желілерін тарту жөнінде тиісті тапсырмалар берді.



№111 (4855) 20/09/2025 Сенбі

ЖАҢА САЯБАҚ – БІРЛІК СИМВОЛЫ



Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек Instagram парақшасында Бейбітшілік пен келісім саябағы ашылғаны туралы жазды.



Табиғи-рекреациялық аймақ – Қазақстандағы әртүрлі конфессиялар мен ұлттар арасындағы достық пен бірліктің символы. Саябақ Тәуелсіздік даңғылы бойының көпір аймағында Есіл өзенінің бойында орналасқан. Саябақтың орталық элементі – «Өмір ағашы» монументі, ол мәңгілікті, үйлесімділікті және ұрпақтар арасындағы байланысты бейнелейді.

Күмбез пішініндегі монументтің ортасында емен ағашы отырғызылған, оның айналасы фонтанмен және су айдынымен қоршалған. «Өмір ағашының» айналасына төрт инсталляция орнатылған, олардың әрқайсысы бейбітшіліктің, келісім мен рухани бірліктің құндылықтарын бейнелейді.

«Сонымен қатар саябақта каскадты сарқырама, «Жұлдызды аспан» тунелі, жаяу жүргіншілер жолдары, демалыс аймақтары жасалып, көгалдандыру жұмысы жүргізілді. Бұл оны тек символды ғана емес, әрі қала тұрғындары мен қонақтары үшін жайлы орынға айналдырады. Биыл біз жалпы көлемде 170 аула мен қоғамдық кеңістікті абаттандырамыз. Шамамен 1 миллион көшет отырғызылатын болады» деп жазды Жеңіс Қасымбек.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ – ДӘУІР ТАЛАБЫ

Астана қаласының Сарайшық ауданы әкімдігінің ұйымдастыруымен Ұлттық музейде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті міндеттер және оларды цифрлық трансформация арқылы шешу» атты Жолдауының негізгі бағыттарын талқылауға арналған іс-шара өтті.



Талқылауға Сенат депутаты Бибігүл Жексенбай, Сарайшық ауданының әкімі Мақсат Саматұлы, Астана қаласы Ардагерлер кеңесінің төрағасы Сансызбай Есілов, Астана қаласы «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ өңірлік филиалы директорының орынбасары Руслан Сламхан, «Аманат» партиясы жанындағы «Жастар рухы» жастар қанаты филиалының төрағасы Арсланбек Мағзұм, «Smart City» сарапшысы Ботагөз Қасабек және білім беру мекемелерінің басшылары, мәдениет және спорт саласы нысандарының өкілдері, мәслихат депутаттары, қоғам қайраткерлері мен ауданның белсенді тұрғындары қатысты.

Жиналысты жүргізген Сарайшық ауданының әкімі Мақсат Саматұлы Мемлекет басшысының өз Жолдауында елорданың экономикалық дамуына, әлеуметтік проблемаларына қатысты айтылған мәселелер жайында айтып берді. Содан кейін баяндамашыларға сөз берді.

– Біз қазір тарихи кезеңде өмір сүріп жатырмыз. Әлем жасанды интеллект дәуіріне аяқ басты. Бұл – өнеркәсіпті, экономиканың білім мен денсаулық сақтау саласымен ғана байланысты емес, бүкіл қоғамның жаңа даму траекториясы. Қазақстан да бұл үдерістің белсенді қатысушысына айналып келеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында цифрландыруды еліміздің басты стратегиялық бағыты ретінде атап өтті. Президенттің сөзімен айтсақ, біздің міндетіміз – жаңа технологияларды игеріп, оларды халық игілігіне жарату. Бұл – Қазақстанның бәсекеге қабілетті болашағының кепілі. Президент Жолдауында ерекше атап өткеніндей, цифрлық шешімдер халыққа көрсетілетін қызметтерді жеңілдетіп қана қоймай, қоғамдағы ашықтықты арттырады, – деді Бибігүл Жексенбай.

Сондай-ақ ол еліміздегі цифрландыру үдерісі қалай жүзеге асып жатқанын нақты мысалдармен айтып берді.

Астана қаласы мен аудандардың Аумақтық сайлау комиссиясы Қазақстан Республикасының Конституциясының 30 жылдығын атап өтті.

АТА ЗАҢҒА АРНАЛДЫ

Қыркүйектің 2-інен 19-ына дейін – Конституцияның 30 жылдығын мерекелеу аясында территориялық комиссия қаладағы болашақ сайлаушылар арасында құқықтық сауаттылықты арттыру мен азаматтық жауапкершілікті қалыптастыруға бағытталған бірнеше маңызды шаралар ұйымдастырды. Іс-шараларға мектеп оқушылары, студенттер және аудандардың жастары қатысты. Негізгі назар Қазақстан Конституциясының негізгі принциптері мен құндылықтарын шығармашылық және интерактивті форматтар арқылы насихаттауға аударылды. Болашақ сайлаушылар арасында республикалық диктант өткізілді.

Шығармашылық байқаулардан басқа, тақырыптық лекциялар мен пікірталастарда мамандар Қазақстандағы демократиялық процестердің қазіргі міндеттері мен перспективаларын түсіндірді.

«Жастарды Конституция құндылықтарына үйрету арқылы біз белсенді және жауапты азаматтық ұстанымның негізін қалыптастырамыз. Өз құқықтары мен міндеттерін түсіну ғана болашақ сайлаушыларға ел өміріне қатысуға көмектеседі» деді Астана қаласы мәслихатының депутаты Қанат Естек.

Астана қаласындағы орта және жоғары оқу орындарында жергілікті сайлау комиссиялары төрағаларының болашақ сайлаушылар мен жастарға арналған қонақ лекциялары, сайлау құқығы бойынша тренингтер мен семинарлар өткізді. Осы іс-шаралардың ішіндегі ең ірілері – «Damu day» аясында Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы АГУ магистранттары мен докторанттары арасында сайлау құқығы мен Конституцияға арналған викторина ұйымдастырылды.

Жалпы аумақтық сайлау комиссиясы ұйымдастырған іс-шараларға 800-ден астам белсенді болашақ сайлаушылар қатысып, көрермен болды. Белсенді қатысушыларға алғыс жарияланып, марапаттау рәсімі өткізілді.



БАСТЫ МАҚСАТ – БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ

Елордада прокуратура мен қалалық полиция департаментінің үйлестіруімен нашақорлыққа қарсы профилактикалық айлық жалғасып жатыр. Осы шара аясында Сұлтанбек Қожанов атындағы №64 мектеп-лицейінде құқық қорғау органдарының қызметкерлері, психологтар және педагогтердің қатысуымен балалар қауіпсіздігіне арналған сабақ өтті.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, шараның мақсаты – балалардың жеке қауіпсіздік дағдыларын қалыптастыру, сондай-ақ қоршаған ортаға деген әлеуметтік жауапкершілікті арттыру.

«Бұл іс-шара «Заң және тәртіп» қағидаты аясында ұйымдастырылды. Біз балаларға дұрыс қарым-қатынас жасауды, достасуды, бір-бірімен тіл табысуды үйретеміз. Негізгі тақырыптардың бірі – оқу орындарындағы буллингке қарсы күрес. Мұнда балаларға ғана емес, ата-аналарға да түсіндіру маңызды» деді Астана ПД ювеналды полициясының аға инспекторы Ақдидар Шәрімбекова.

Өткен жылы бес мектепте буллингтің алдын алуға бағытталған финдік «KiVa» бағдарламасы енгізілген болатын.

«Нәтижесінде шағымдар саны айтарлықтай азайды. Жекелеген жағдайлар болса да, олар бір реттік сипатта болды. Балалар бір-біріне мейірімді бола бастады. Қазір осы тәжірибені ескере отырып, біз өзіміздің ұлттық «ДосболLike» бағдарламасын әзірледік. Ол барлық қалалық мектепте қолданылады. Негізгі міндеті – білім беру ұйымдарында қауіпсіз орта қалыптастыру және ең алдымен кез келген буллинг, зорлық-зомбылық пен қатыгездік көріністеріне тосқауыл қою» деп мәлімдеді Астана қаласы Білім басқармасының кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау бөлімінің бас маманы Гүлім Мұхамеджанқызы.



№111 (4855) 20/09/2025 Сенбі

СЕНАТОР ЖУРНАЛИСТЕРМЕН ЖҮЗДЕСТІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауын талқылау мақсатында Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Бибігүл Жексенбай «Elorda Aqparat» ЖШС-ға қарасты «Астана ақшамы», «Вечерняя Астана» және «Elordainfo» сайтының ұжымымен кездесті.



Шапағат ӘБДІР

Ең әуелі «Elorda Aqparat» ЖШС директоры Олжас Сыдықбек кездесудің мән-маңызына тоқталып, Мемлекет басшысының Жолдауда айтқан мәселелері өте өзекті екенін тілге тиек етіп, оның маңыздылығына тоқталды.

Ал Сенат депутаты Жолдауда айтылған дүниелерді қалай іске асыруға болатындығы турасында ойымен бөлісті.

– Биылғы Жолдауда айтылған цифрландыру, жасанды интеллект тақырыбының бәрі де бізге жақын таныс. Оны журналистер қауымы өздерінің күнделікті жұмысында қолданып та жүр. Әсіресе ақпарат алу, аударма мәселелерінде оны сіздер жиі қолданасыздар. Әрине, ол сіздердің жұмыс тиімділіктеріңізді арттыруға жоғары мүмкіндік туғызып отыр. Бірақ жалған ақпарат тарату мәселелері де бар. Соған қарсы күрес жолдарын бірге ойлауымыз керек.

Дегенмен, цифрландыру барлық салада жүріп жатыр, БАҚ – сол жүйеге алғашқылардың бірі болып енген саланың бірі. Дейтұрғанмен, кедергілер де жоқ емес. Мысалы, медицина саласында цифрландыруға ішкі қарсылық байқалады, себебі ол ашықтықты талап етеді. Ауыл шаруашылығы мен жер мәселесінде де қиындықтар бар. Бұл кедергілерді ашық айту қажет, ал журналистер осыны зерттеп, қоғамға жеткізе алады.

Жолдауда айтылған мәселелердің бірі – тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы жайында. Астанада халық саны өсіп жатқандықтан, су үнемдеу секілді мәселелерді заңнамалық тұрғыда шешу қажет. Халық тарапынан ұсыныстар да түсіп жатыр, мысалы, суды тиімді насостар арқылы үнемдеу керек деген сияқты. Осындай ұсыныстарды журналистермен бірге зерттеп, заңға енгізу маңызды.

Сонымен қатар, мигранттар мәселесі де өзекті. Кейбір үйлердің техникалық қабаттарынан заңсыз пәтер жасалып, жалға берілуде. Бұл заңсыздық қарапайым тұрғындарға қиындық тудырып отыр. Мұндайда тек депутаттық сауал жеткіліксіз, қоғамдық пікірді күшейту қажет. Ол үшін журналистердің көмегі керек.

Жалпы Жолдауда айтылған тапсырмалар сөз жүзінде қалмай, нақты іске асуы үшін бәріміз бірлесе жұмыс істеуіміз қажет. Өйткені БАҚ – қоғамдағы көңіл күйді қалыптастыратын күш, – деді сенатор.

Ал өз кезегінде «Астана ақшамы» газетінің бас редакторы Еркін Қыдыр сенатордың Жолдаудан туындаған келелі ұсыныс-пікірлеріне қолдау білдіріп, журналистер «Жаңа Қазақстанның жауынгерлері» екенін, Президентіміздің бастамаларын елге дер кезінде жеткізіп отырғанын атап өтті.

– Бастапқыда «Жасанды интеллект дәуірі» деген тақырып тым ерте сияқты көрінген. Бірақ қазір оның өмірімізге еніп кеткенін байқап отырмыз. Әлемнің кейбір елдерінде министрлердің орнына да жасанды интеллект жүйелерін қолданып жатыр. Бізде де мемлекеттік сатып алу сияқты процестерде соны пайдалану қажет сияқты.

Сондай-ақ осы күнге дейін газетте жарияланған мақалалардың қоғамға, тіпті президенттің шешімдеріне ықпал еткен жағдайлары болды. Мысалы, жарнамада Ірі лауазым иелерінің суретін қасақана заңсыз пайдалану мәселесін алғаш журналистер, оның ішінде біздің басылым да көтерген. Кейін ол арнайы заңға негіз болды. Осыдан-ақ жарияланған материалдардың маңызы көрінеді.

Елімізде Ақпараттық қауіпсіздік доктринасы қабылданды. Бұл – ақпараттық қауіпсіздік үшін маңызды қадам. Бірақ жыл сайын мемлекеттік басылымдарды жекешелендіру керек деген мәселе көтеріледі. Менің ойымша, облыстық, қалалық деңгейдегі газеттер мемлекет қарауында қалуы тиіс. Өйткені оларды біреу пайда үшін сатып ала қоймайды, ал сыртқы күштердің пайдаланып кетуі қауіпті. Сондықтан стратегиялық тұрғыда мұндай басылымдарды мемлекет ұстауы қажет, – деді бас редактор.

Сондай-ақ кездесу барысында сөз алған «Elorda Aqparat» ЖШС директорының орынбасары Рауан Сәбитұлы, «Астана ақшамы» газеті бас редакторының орынбасары Ғалым Қожабек, өзге де журналистер қоғамның өзекті мәселелерін көтеріп, әсіресе балалар арасындағы буллинг, әлімжеттік пен жасөспірімдер қылмысының азаймай тұрғанын тілге тиек етті. Ал «Астана ақшамы» газетінің тілшісі Қалиакбар Үсемхан жасанды интеллект базасына қазақ тілінің грамматикалық құрылымдарын, көне сөздік қорын, сондай-ақ көп мағыналы және омоним сөздерді енгізу тақырыбын көтерді. Оның айтуынша, бұл қадам бір жағынан, қазақ тілінің мүмкіндіктерін кеңінен танытуға, екінші жағынан, жасанды интеллект жүйелерінде қазақ тілінің сапалы әрі дұрыс қолданылуына жол ашады. Сондай-ақ тілші жасанды интеллект қазақ тілін тек аударма деңгейінде ғана емес, терең мағынасы мен мәдени құндылықтарын сақтай отырып пайдалана білуі керектігін атап өтті.

Ғабит ТӘЖІМҰРАТОВ,
Астана қаласы мәслихатының депутаты:



КӨЛІК САЛАСЫН ДАМЫТУ – МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕ

– Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің жаңа Жолдауында көлік пен логистиканы қоғам дамуының негізгі бағыттарының қатарына жатқызды. Жаһандық сауда ағындарының қиылысында орналасқан ел үшін бұл жай экономикалық тақырып емес, халықаралық аренадағы бәсекеге қабілеттілік мәселесі.

«Өңірлік көлік байланысы мәселелерімен айналысу қажет. Қазақстан үшін ірі транзиттік аумақ ретінде бұл бағыт ерекше маңызға ие» деді Мемлекет басшысы. Теміржол инфрақұрылымы транзиттік әлеуеттің негізі болып қала береді. Ұзындығы 836 шақырым болатын Достық – Мойынты екінші тармағын енгізу Шығыс – Батыс бағытының өткізу қабілетін едәуір арттыруы тиіс. Алда желінің тірек қаңқасын қалыптастыруды аяқтайтын Бақты – Аягөз және Қызылжар – Мойынты жобалары тұр.

Қазақстандағы контейнерлік тасымалдардың үлесі әлемдегі 16-ға қарағанда небәрі 7%-ды құрайды. «Үкімет контейнерлік тасымалдарды ынталандыруға бағытталған арнайы бағдарлама қабылдауы керек» деді Мемлекет басшысы. Бұл сегменттің дамуы Қазақстанның жаһандық логистикалық тізбектерге интеграциялануын айқындайды. Авиациялық жүк тасымалы – өсудің тағы бір нүктесі.

«Электрондық коммерцияның өсуі және жоғары технологиялық өнімдерді жеткізу жағдайында «авиакарго» жоғары табысты және өте сұранысқа ие сегмент болып табылады» делінген Жолдауда. Ұлттық жүк тасымалдаушыны құру және аэрохабтарды дамыту Қазақстанға жылдам логистиканың жаһандық картасында орын беруі тиіс.

Цифрландыру векторы да маңызды. Қазан айының соңына дейін Smart Cargo жүйесі іске қосылуы керек, ол Президенттің айтуынша, «инфрақұрылымға тең автоматтандырылған қолжетімділікті» қамтамасыз етеді. Бұл жобаның жетістігі бүкіл логистикалық саясаттың жетілуінің көрсеткіші болады.

Жолдау географиялық артықшылықты бәсекеге қабілеттілікке айналдырудың негізгі міндетін белгілейді. Жаһандық бәсекелестіктің күшеюі жағдайында Қазақстанға транзиттік аумақ болып қана қоймай, кірістерді, жұмыс орындарын және стратегиялық тұрақтылықты қамтамасыз ететін жаңа логистикалық шешімдерді қалыптастыру маңызды.



ҚХА МҮШЕЛЕРІ ЖОЛДАУДЫ ТАЛҚЫЛАДЫ



«Достық» үйінде өткен дөңгелек үстелде елорданың Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері Мемлекет басшысының биылғы Жолдауындағы маңызды міндеттерді талқылады. Жиынға Астана қаласы Ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары Ләззат Құсайынова, ҚХА Астана қаласы бойынша төрағасының қоғамдық орынбасары Халел Маслов, қалалық ассамблеяның қоғамдық құрылымдарының өкілдері және «Ассамблея жастары» бірлестігі мүшелері қатысты.

Райхан РАХМЕТОВА

– Мемлекет басшысы тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету және экономиканы жаңғыртудың маңыздылығын атап өте келе, еліміздегі негізгі және қазіргі уақыттағы бағыт ретінде Қазақстанды цифрлық мемлекетке айналдырудың жолын ұсынған болатын. Сол тұрғыда жасанды интеллект министрлігін құру және цифрлық кодексті қабылдау міндетін қойды. Сонымен қатар Жолдауда еліміздің инфрақұрылымына инвестиция салу, жаңа өндірістерді дамыту, заңдылық пен әділеттілік қағидаттарына айрықша көңіл бөлді. Ассамблея аймақтардағы этно-мәдени бірлестіктер арқылы халықты цифрлық сауаттылыққа үйрету жобаларын ұйымдастыра алады. Бұл қадам аймақтық жерлердегі ғаламтор мен цифрлық қызметтерді тиімді пайдалануға мүмкіндік береді, – деді Халил Маслов. Ол сонымен қатар ЖИ-ді енгізу барысында туындайтын әлеуметтік және мәдени мәселелерді шешуге Ассамблея өз тарапынан дәнекер бола алатынын жеткізді. Мемлекет басшысы атап өткендей, ЖИ тек технология ғана емес, ол басқарудың, экономиканың және қоғамның жаңа деңгейі екенін жеткізе келе, осы бағытта өзінің бірқатар ұсыныстарын да айтты.

Дөңгелек үстелде сөз алған қалалық ҚХА жанындағы Аналар кеңесінің төрайымы Алтынай Тәңірберген Жолдаудағы отбасын нығайту және кәсіпкерлікті дамыту жайына тоқталды. Өзге де түрлі этнос өкілдері Жолдауда қамтылған мәселелердің бәрінің өзектілігін және оларды әр этникалық бірлестікте талқылап түсіндіру маңыздылығын атап өтті.

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Кеңес Одағы кезінде қаламгерлер мен оқырмандардың кездесуі жиі ұйымдастырылатынынан арғы беттен келген біздің де хабарымыз бар. Әдеби кеш, шығармашылық сағат, кітапхана мен мәдениет үйінде жазушы мен халық арасында тікелей байланыс орнайтын. Бұл үрдіс тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап біртіндеп үзіліп, бүгінде сирек кездесетін жағдайға айналды.



ҒАЛЫМДАР НЕГЕ ҮНСІЗ? БҰЛ ҒЫЛЫМҒА ҚИЯНАТ ЕМЕС ПЕ?

ҰРПАҚ ПЕН РУХАНИЯТ АРАСЫНДАҒЫ КӨПІР

Қазір ақын-жазушылардың шығармашылық кеші, негізінен, мерейтой датасына немесе ірі мәдени шараға байланысты ғана өтеді. Ал күнделікті жүйелі түрде оқырманмен жүздесу, жаңа кітапты талқылау, жастарға ой-пікір айту дәстүрі жалғасын таппай отыр. Сондықтан бүгінде қазақ әдебиетінде жазушы мен оқырман арасындағы тікелей байланысты жаңғырту аса өзекті мәселе десек, Астана қаласының Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы мен Қазақстан Жазушылар одағы Астана қалалық филиалының бастамасымен жүзеге асып жатқан жаңа әдеби жоба – «Қаламгер ұстаханасы» осы олқылықтың орнын толтыратын үлкен мүмкіндік болды.

Әдебиетті тек мерейтойлық деңгейде емес, күнделікті рухани қажетке айналдыру, әдебиет пен өнерге ынталы жастардың ой-өрісін кеңейту, олардың қаламгерлермен бетпе-бет жүздесіп, еркін сұхбат құруына мүмкіндік беру мақсатында ұйымдастырылған «Қаламгер ұстаханасы» жобасы аясындағы әр кездесу шығармашылық диалог пен рухани ізденістің алаңына айналуда. Сол кездесудің бірі белгілі ғалым, жазушы **Қойшығара Салғараұлының** шығармашылығына арналды. «Түркінің көне тарихы» атты тақырыптағы лекцияға зиялы қауым өкілдері, студент жастар және әдебиетсүйер көпшілік жиналып, қаламгердің тарихи зерттеулері мен еңбектері туралы пікір алмасты. Ұлттық болмыс пен тарих тағылымы жайлы жазушының ой-толғаныстары жас буынға терең әсер қалдырды. Әсіресе, Қойшығара ағаның ашқан үш жаңалығы және оның ескерусіз жатуы кеш қонақтарына үлкен ой салды.

ЕЛЕМЕУ МЕ, ӘЛДЕ НЕМҚҰРАЙДЫЛЫҚ ПА?

Қазақтың көрнекті тарихшысы, жазушысы Қойшығара Салғараұлы түркі халықтарының шығу тегіне, ежелгі жазу тарихына, адамзат өркениетіндегі орнына қатысты тың тұжырымдар ұсынып, түркілердің жаһандық тарихтағы рөлін қайта қарастыру қажеттігін алға тартып келеді. Алайда Қазақстан тарихшылары бұл еңбектерді талқылап, пікір білдіруге асығар емес.

Басылым беттерінде тұлға жайлы сөз қозғалса, көп жағдайда, оның тұлғалық болмысын танытатын ерекше еңбегі, азаматтық қасиеті ашылмай, тек әншейін жер-көкке сыйғызбай жалаң мақтау әдетке айналып барады. Бардың бағасын ғылыми тұрғыдан талдап, таразылау кемшін. Мұның солай екенін бүгінгі әңгімеміздің кейіпкері Салғараұлы еңбектерінің бағалануынан анық аңғаруға болады. Рас, бұл кісі туралы айтушылар да, жазушылар да баршылық. Бірақ бәрінің айтары: «Қойшығара тарихты тереңнен қопарып жатыр, Қытайдан көп дерек әкелді, мынадай кітаптар жазды» деген бір сарынды ақпараттық мәліметтер ғана. Ең болмаса, қазақ тарихын тереңнен қопарып жатса, одан не жаңалық тапты? Қытайдан көп дерек әкелсе, ол қандай дерек, қандай жаңалығы бар, әлде сол бұрыннан бар мәліметтерді қайталау ма? Бұлардың бірі не де нақты жауап жоқ. Зерттеушінің кездесуде айтылған сөзіне қарағанда, халқымыздың көне тарихына қатысты соңғы 20-30 жылда жазған «Адамзат өткен ұзақ жол», «Адамзаттың ата тілі. Алғашқы адамдар қай тілде сөйлеген?», «Жер-жаһанда арғы атаңның ізі бар», «Түркітер» тәріздес іргелі зерттеулерінің «Алтын тамыр» деп аталатын роман-эссесінен кейінгі бірде-бір кітабына ғылыми тұрғыда талдау жасалып, жетістігі неде, жіберген қателігі, кемшілігі қайсы екені көрсетіліп, сараланбаған. Оқырмандармен кездесуде қаламгер осы «өкпесін» де сөз арасында бұлк еткізді.

Ақсақал оқырмандармен кездескенде: «Мақтанып отыр демеңіз, мен адамзат тарихы мен мәдениетіне қатысты 3 әлемдік деңгейдегі жаңалық, ал ұлт тарихына қатысты бұрын айтылмаған 40-қа жуық жаңалық пен сол шамалас түзетулер қостым деп сеніммен айта аламын» деп сөз бастады. Жазушы айтқан бұл жаңалықтар да, тың тұжырымдар да баспа бетін көрді, сұхбаттарында да айтылып жүр. Бірақ бұған ешкім назар аударып, «ау, бұл қалай?» деген емес, өлі тыныштық. Тым құрыса, Қойшығараның әріптестері, тарихшылар, зерттеушілер біреуі тіс жарып, дұрыс-бұрыстығын айтқан жоқ. Ештеңе көрмегендей, естімегендей тым-тырыс. Бәлкім, бұл тек Қойшығара Салғараұлының басындағы жағдай емес, басқа ғалымдардың да басында бар жағдай болар. Бұл, сайып келгенде, Қазақстандағы ғылыми ортада қалыптасқан дәстүрлі көзқарасты өзгертуге деген құлықсыздық барын көрсетсе керек. Осыған қарағанда, біздің қоғамды немқұрайдылық жайлап бара жатқан жоқ па деген ойға келесің. Мүмкін, «үлкен ақсақал ғой» деп аяушылық білдіріп, бірдеңе айтқысы келсе де, үндемей жүрген ғалымдар да бар шығар. Бірақ ғылымға ақсақалдық жүрмейді ғой. Бұл жолда біз дұрысты дұрыс, бұрысты бұрыс демесек, ғылым қалай дамиды? Тарих қалай тереңге тамыр тартады? Бәріміз ұлттың ортақ мүддесін ойлауды қойып, «әр кәллада бір қиял» деп қара бастың қамымен жүре берсек, ұлттық идеология қалай қалыптасады?! «Алдыңғыға мұрагер, кейінгіге бұйдагер» болуды көздейтін саналы ұрпақты осы сұрақ мазалайды.

ӨЗ ТАРИХЫМЫЗҒА ӨЗІМІЗ ҮҢІЛЕЙІК

Бұл арада ғылыми дискурстағы шектеулерді, нақтылап айтқанда, Қазақстан ғылымында ұзақ жылдар бойы еуропалық методология басымдыққа ие болып, түрік өркениетіне қатысты тың тұжырымдар көбінесе шеттетіліп келе жатқанын жоққа шығармаймыз. Бірақ қашанғы өз тарихымызға, өз мәдениетімізге өзгенің көзімен қараймыз?! Ел тәуелсіз болғанмен, сана тәуелсіз болмаса, ол «тәуелсіздіктен» не қайыр?!

Қойшығара Салғараұлының еңбектерінде түрік халықтарының әлемдік өркениеттегі орны жаңа қырынан қарастырылады. Оның басты тұжырымының бірі – адамзат өркениетінің қалыптасуында түрік халықтарының маңызды рөл атқарғаны. Сондай-ақ оның лингвистикалық және мифологиялық зерттеулері түрік халықтарының көне дәуірден бері өзіндік жазу мәдениеті мен өркениет жетістіктеріне ие болғанын дәлелдейді. Әрине, бұл пікір қазіргі еуроцентризмге негізделген тарихнамалық әдіснамаға қайшы келеді. Бірақ бізше, Қойшығара Салғараұлы бұл деректерді негізсіз, дәйексіз айтып отырмаған секілді.

Қазіргі тарихи зерттеулерде түркі халықтарының тарихы VI ғасырдағы Түрік қағанатынан бастап қарастырылады. Бұл туралы Қойшығара Салғараұлы: «Біз түркілердің тарихын VI ғасырдан ғана бастаймыз. Ал оған дейінгі мыңдаған жылдық тарихымыз қайда? Түркілер аспаннан түскен жоқ қой!» деп мәселе көтереді. Оның пікірінше, түркілердің тарихы әлдеқайда тереңде, ежелгі өркениеттермен сабақтасып жатыр. «Шындығына келгенде, «түрік» атауы тек XIX ғасырдың аяғында дат ғалымы В.Томсен Орхон-Енисей ескерткіштеріндегі беймәлім құпия жазуды оқудың кілтін тауып, оны 1893 жылдың 15 желтоқсанында Данияның Ғылым академиясы президиумының алдында жалпы жұртқа жария еткенінен кейін ғана барып біртіндеп атала бастағаны мәлім. Онда да түрік халқы тек х. э. кейінгі VI ғасырда шаңырақ көтерген, ресми тарихта «Түрік қағанаты» деп аталатын мемлекеттің тұрғындары ретінде ғана танылды. Өкініштісі – «түрік» аталған осы мемлекеттің тұрғындарының да, сондай-ақ олардың ежелгі ата-бабаларының да және олар пайдаланған жазудың да осы VI ғасырдан да бұрын болғаны, соған қарамастан, бұлардың бірде-біреуінің, атап айтқанда, не халқының, не олардың ата-бабаларының, не жазуының осыған дейін неліктен «түрік» деп аталмай келгені ешкімді ойландырмады. Соның салдарынан «түрік халқы – VI ғасырда Алтайда пайда болған жас халық» деген тұжырым тарих ғылымына еніп, ақиқаты анықталған ғылыми тұжырымдама ретінде берік орнықты. VI ғасырдан бұрын түрік халықтары болмаған деген ұғым қалыптасты. Оған дейін әлем ғалымдарының адамзат баласын «европеоид», «негроид», «монголоид» деп нәсілдік жіктеуінде түріктер моңғолтектес халық ретінде танылып келгені баршаға аян. Тек дат ғалымы В.Томсен XX ғасырдың аяғында көне түрік жазуының кілтін тауып, тас жазулар тіл қатқаннан кейін Шығыста «Түрік» атты империяның болғаны анықталып, бұрынғы «монголоид» деген атаудың «түрік-моңғолтектес» деп өзгертілгені де кеше ғана ғой. «Түрік мемлекеті», «түрік өркениеті», «түрік жазуы» деген ұғымдар да ғылымға содан кейін енді емес пе?! Осы себепті кейінгі заман ізденушілері түрік халықтарының көне тарихын тек Түрік қағанатының тарихынан бастауға мәжбүр болды» дейді тарихшы.

«БӨСПЕБАЙ» ЖЕТКЕН БИІК

«Алтын тамырда» Қойшығара Салғараұлы: «Ресми тарихтың түрік халықтары VI ғасырда Алтайдан шыққан» деген тұжырымы дұрыс емес, түрік халықтары адамзат жаралғаннан бері бар халық, түрік тілінің тамыры да адамзат жаралған мезгілден бастау алады. Өйткені оның кейбір дыбыстарында табиғаттағы дыбыстар бар» деген көзқарас айтады. Сол дәуірде «Қазақ әдебиеті» газетінде «Әдебиет және тарих» деген тақырыппен Манаш Қозыбаев көлемді мақала жазып, Ілияс Есенберлиннен бастап, Әбіш Кекілбаев, Мұхтар Мағауин ... бәрін сынап, Қойшығараға «Бөспебай» деген ат беріпті. Бір қызығы, Қойшығара Салғараұлының сол мезгілде айтқан «адамзат баласының түп атасы – түріктер» деген ойды кейін шетелдің ғалымдары да айта бастаған. Атап айтқанда, ресейлік Ю.Н.Дроздов, латыштық Г.Шуке, американдық Gene Matlock секілді ғалымдар адамзаттың түріктен жаралғаны жөніндегі еңбектерін жариялап, адамзаттың түріктен шыққанын ел-жұрт, жер-су атаулары арқылы дәлелдейді. Бірақ сонда да «мына ойды біздің ғалымдар да айтып еді-ау» деген жан болған жоқ. Бұл да Қазақстанда жаңа тарихи теориялар сирек талқыланатынының, тарих ғылымында қалыптасқан догмалардан ауытқудың қиындығын, көп ғалым бұрыннан келе жатқан тұжырымдарды қайталаумен шектелуінің салдары болса керек.

Қойшығара Салғараұлы қазақ тарихының бұрмаланғанын, «қазақта жазу-сызу, өркениет болмады» деген қате түсініктің тамыр жайғанын да сынға алады. Ол түркі халықтарының ежелден қалыптасқан атау-ұғымдарының өзгеріске ұшырағанын атап көрсетіп, тарихи атаулардың шынайы мағынасын қайта қарастыру қажет екенін алға тартады. Автордың пікірінше, сақ, ғұн, жужан сияқты атаулардың шынайы мәнін түсіну түркілердің өркениеттік орнын дұрыс бағалауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар Азия, Кипр, Найман, Рос сияқты көптеген атаудың да түркілік түбірі барын дәлелдейді.

«Бізді «қазақта жазу, өркениет болмады, мал соңында жүрді» дейтін теріс түсінік құртты. Оның басты бір айғағы біздің көне тарихымыздағы қазақтың ата-бабасы саналатын ұлыс-тайпалардың біреуінің де аты дұрыс емес. Сақ, скиф, ғұн, жужан, сиәнби атауларының бәрі қате, көне атауларымыздың арасындағы дұрысы – «түрік» атауы ғана. Оның өзін В.Томсон анықтағанға дейін Н.Бичурин «дуылға» деп аударды, қазақ тарихшыларының кейбірі оны «дулат» деп алды. Франция ғалымы Клапрот оны «тақия» деп аударды. Тек дат ғалымы Томсон 1893 жылы өз жаңалығын жария еткеннен кейін барып оның «түрік» деген сөз екенін білдік» дейді ғалым.

ӘЛЕМДІК ЖАҢАЛЫҚ ТАСАДА ҚАЛА МА?

1900 жылы ағылшын археологы Артур Эванс Кипр аралынан ғажайып тарихи деректер тапты. Сол тарихи жәдігерлердің арасында қыш тақтайшаға жазылған жазулар бар. Сол жазуды әлемнің көне жазуды оқитын ғалымдарының бәріне жіберген. Олар оның «Сызықты А жазуы» екенін анықтады. Бірақ жазуды оқи алмай, оны «қазіргі ғылымға белгісіз, тым көне заманда із-түссіз жоғалып кеткен белгісіз халықтан қалған мұра» деп қорытынды шығарып, «этеокипр» деген ат берген. «Сызықты А жазуымен» жазылған сөздерді латын әрпіне түсіріп, әлемнің барлық академиясына жіберген. Осы жазуды жас зерттеуші, жамбылдық орыс тілді журналист Амантай Айзахмет өзінше оқып, соның негізінде 2004 жылы «Рождение тюркского мира» деген кітабын шығарады. Бірақ ғылыми орта оның бұл жаңалығын қабылдамай, «мұны сен түгілі, әлемнің көне жазуларының жілігін шағып, майын ішкен небір ғұламалар оқи алмаған» деген желеумен зерттеушінің талай жылғы еңбегін жоққа шығарады. Осы жағдайды білген абайтанушы ірі ғалым Мекемтас Мырзахметов еңбегі еш болып түңілген Амантайға қолдау көрсетіп, Қ.Салғараұлына жібереді. Өзі арнайы телефон шалып, Амантайға көмектесуін өтінеді. Осылайша, жас зерттеушінің еңбегімен танысқан Қ.Салғараұлы «Сызықты А жазуы» деп аталған «этеокипр» жазуының ғылымға белгісіз көне түріктің жазуы екенін бірден аңғарады. Бірақ орыс тілді зерттеушінің ондағы көне сөздердің біразының нақты мағынасын түсіне алмағанынан ондағы мәтіндердің айтпағы бұлдырланып, мағынасын анықтау қиындық туғызғанын біледі. Содан кейін Амантайдың өзімен хабарласып, жазуды қайта қарап шығуына ақыл-кеңес береді. Бірақ көп ұзамай Амантайдың қайтыс болғанын естиді.

Бұдан кейін Қ.Салғараұлы Амантай ашқан үлкен жаңалықтың халқымыздың тарихы үшін аса қажеттілігін ескеріп, бар жұмысын тастап, этеокипр жазуын өзінше оқуға кіріседі. Сондағы Амантай оқыған қыш тақтайшалардағы жазудың латын әрпіне түсірілген мәтіні мынау: «anamatoriumiesaimukulailasanaarisitonosearatovanakasokoosekerakeretulosetakanaku». Осыны Қойшығара Салғараұлы жеке сөздерге бөліп, кириллица арқылы бергенде: «Анама тор иумі ес айму, құл айлас, ана ірі ісі тон өссе, әр ата пана қас оқ өссе, керек ер ет ұл өссе, ана тақ құ» деген болып шыққан. Мұның мағынасы «Анама билікті ию (таласу) айымның ақылы емес (ол), құлмен бірдей болу. Ана ірі ісі тон шығарса (тіксе), әр пана болар ата нағыз оқ шығарса (жонса), (ел) керек етер ұл өсірсе, тақ ананы өзі қуады».

Амал не, бұл жаңалық та аяқсыз қалған еңбекке айналды. Мемлекет жағынан мән беріліп, ғалымдардың басын қосып, тым құрыса «Қойшығара не сандырақтап жүр?» деген пенде болған жоқ. Тіпті мұндай жаңалықты қазақ ғалымдары ашпақ түгілі, талқылауға болмайтындай, тұтас қоғам меңірейіп үнсіз жатыр. Егер Кипрдегі «Сызықты А жазуын» талдаған халықаралық зерттеулерді қарастырып, олардың тұжырымдарына салыстырмалы талдау жасалса, түркітанушы, археолог, лингвист ғалымдармен сұхбат жүргізіп, бұл оқылымға қатысты пікірін білсе, көне жазуларды дешифрлеумен айналысатын заманауи әдістерді зерттеп, жасанды интеллект пен компьютерлік лингвистиканың мүмкіндігін пайдаланса, бұл мәселенің дұрыс-бұрыстығына көз жеткізу қазір онша қиын болмаса керек. Өйткені ЖИ бірнеше мыңдаған жазба үлгілерін талдап, жиі қайталанатын таңбаларды анықтай алады. Сондай-ақ мәтіндік құрылымдарды, сөздердің орналасу заңдылықтарын анықтап, белгілі тілдермен салыстырып, ықтимал сәйкестіктер табады. Мәселен, 2021 жылы ЖИ негізінде көне грек мәтіндерін қалпына келтіру моделін жасап шығарды. MIT пен Google-дің бірлескен жобасы – ЖИ көмегімен шумер сына жазуларын автоматты түрде тану жүйесін жасап жатыр. Сондай-ақ финикия жазуын оқудың жаңа алгоритмін жасап шығарды. Демек, жоғарыдағы құпия жазуды осы әдіспен оқуға және талдау жасауға мүмкіндік бар. Қазақстан да жасанды интеллектті күш сала дамытып жатыр, техникалық жақтан да мүмкіндік жоқ емес. Мәселе құлықсыздықта, өз ғалымдарымыздың еңбегіне деген құрметтің жоғында. Египеттің көне жазуының құпиясын ашқан Жан-Франсуа Шампольон да, орхон жазуының кілтін тапқан В.Томсен де бар болғаны бірі – «Птолемей», «Клеопатра», екіншісі – «Тәңір», «түрік» деген екі сөз арқылы ашқан жоқ па?! Көріп отырсыздар, Амантай мен Қойшығара оқыған сөз бен сөйлем қаншама. Енді ойлаңыз, осы оқылу дұрыс болса, Крит пен Кипрден табылған 10 мың қыш тақтайшадағы жазу қазақша сөйлесе ше?! Тіпті қазақтың бір ғалымы әлем ғұламалары оқып, құпия жазуды дұрыс оқыған, тым құрыса, жекелеген сөздерді дөп тапқан болса ше? Біздің ғалымдар ашқан жаңалық осыдан 10-15 жылдан кейін, Қойшығараның көзі кеткеннен кейін, шетел ғалымдары жағынан дәлелденіп жатса, оның обалы кімде қалады?! Қойшығарамен кездесу бізге осындай ой салды.

№111 (4855) 20/09/2025 Сенбі

ДҮЙСЕНБІ

22 ҚЫРКҮЙЕК

QAZAQSTAN

6:00 Әнұран
6:05 «Інжу-маржан»
6:45 «Таза Қазақстан»
7:00 «TAŃSHOLPAN».
10:10 «Кек жолында». Телехикая.
12:10 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ».
13:10 «Апта». Сараптамалық бағдарлама.
13:55 «Мүдде»
14:10 «Ақжауын». Телехикая
15:10 «Мерейлі отбасы»
15:20 «Әндер мен жылдар».
16:00 «Бақыттың кілті». Телехикая.
17:20 «ТАПҚЫР ОТБАСЫ».
18:00 «КЕК ЖОЛЫНДА». Телехикая.
20:30 «ҰНАЙДЫ МАҒАН». Күнделік
20:35 «АШЫҚ АЛАҢ».
21:25 «АҚЖАУЫН». Телехикая.
